ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ

2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ТУРИЗМ-ӨЛКЕТАНУ, ЭКОЛОГИЯ-БИОЛОГИЯ БАҒЫТТАРЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ЖИНАҒЫ

Ақтау, 2021 жыл

ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ

Бұл жинаққа орталықтың 2020-2021 оқу жылдарында ұйымдастырылған іс-шаралары мен аудандық/қалалық білім бөлімдері мен білім беру ұйымдарының қатысу рейтингілері салынды. Жинақ білім беру ұйымдары ұстаздарына ұсынылады.

Жинақты құрастырғандар: *Туракбаева Асемкан Жайлыбаевна*
Әлжан Жансая Қонысбайқызы

АЛҒЫ СӨЗ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінен терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық - психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне оқыту мен тәрбие берудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық технологияны игерген, психологиялық, педагогикалық жұмыста қалыптасқан, ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жолын салуға икемді, шығармашылық педагогикалық зерттеуші болуды талап етеді.

Тәрбие саласының маңызды мәселелерінің бірі – өскелең ұрпақты туризм, экологиялық тұрғыда сауатты тәрбиелеу. Осы мақсатта балалар туризмін дамыту және экология бағытында шаралар қарқынды жүргізілуде.

Қазақстан Республикасында туризм саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Әсіресе соңғы 3 жылда облысымызда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Менің Отаным – Қазақстан» республикалық туристік экспедициялық жасақтары, «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумы, «Европа-Азия» облыстық туристік фестивалі жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілуде.

Орталықтың ұйымдастырған іс-шаралар жоспары дайындалып, «Маңғыстау», «Огни Мангистау», «Білімді ел», «Соқпақ тропинка», «Жемқорлықсыз Қазақстан» газет-журналдарына мақалалар шығарылып, әлеуметтік желілерде жарияланып отырады.

Облысымыздың білім беру ұйымдарында 2021 жылы іске асырылып жатқан Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, мұғалімдер мен оқушыларға арналған табиғи нысандардың «Экотуристік маршруттары» ерекше қорғалатын табиғи аймақ (ЕҚТА) және маршруттар паспорттары, облыстың тарихи-мәдени орындарына саяхат жасау мақсатында, 30 жыл ішінде бой көтерген нысандардың «Маңғыстау Тәуелсіздік жылдарында» атты маршруттар картасы жасақталып, аудан/қала көлемінде таратылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев экология мәселелеріне жүйелі түрде қарауға шақырады. Бала жастан бастау алған туризм әрбір өскелең ұрпаққа азаматтық, Отансүйгіштік сезімнің іргесін қалайды. Жас ұрпақтың бойында Отансүйгіштік пен ұлттық сананы қалыптастыруды мақсат етеміз. Біздің тәрбиелеп жатырған оқушыларымыздың бар күш-жігерлері мен еңбектерін болашақта Отанымыздың гүлденуіне арнайды деген сенім білдіремін!

Туракбаева Асемкан Жайлыбаевна
Ақпараттық-талдау бөлімінің жетекшісі

АЛҒЫ СӨЗ

Балалар туризмі – болашақтың бастауы

Балалар туризмі – мектеп оқушыларын салауатты өмір салтына, туған өлкені танып-білуге, мектепте алған дене тәрбиесі мен денсаулығын жақсартудағы білімін молайту мақсатында жүргізілетін саяхатшылық сапарлар.

Балалар туризмі өлкетанумен тығыз байланысты, оның мақсаты жаратылыстану ғылымдары саласындағы білімді кеңейту, денсаулықты нығайту, шынықтыру, белсенді демалыстың тиімді нысаны болып табылады. Мектепке дейінгі білім беруде, мектептер де мемлекеттік білім беру стандарттарымен бекітілген міндеттердің бірі – балалардың физикалық және психикалық денсаулығын, оның ішінде эмоционалды саулығын сақтау және нығайту болып табылады.

Балалар туризмі бұл 7-15 жас аралығындағы балаларға арналған саяхаттар мен экскурсиялар, танымдық және рекреациялық балалар туры. Баланың жан-жақты өсіп жетілуіне балалар туризмі маңызды рольді ойнайды. Экскурсиялар, саяхаттар, жорықтар ақыл парасат деңгейінің өсіп, дамуына, қоршаған ортаны қорғауға, өз-өзін көрсете алуына және тағы басқа да қабілеттерін арттыруға бағытталған.

Қазақстандағы туризмнің дамуы кадрларды дайындаумен байланысты және балалардың қызығушылығын арттыру қажет. Бұл өскелең ұрпаққа тарихи мәдениетті жеткізуге, адамгершілік тұрғыдан қалыптастыру және халықтың мәдени тұрғыдан дамуына септігін тигізеді.

Жулқынова Гүлзер Маслихатқызы
Туризм-өлкетану бөлімінің әдіскері

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «МАҢҒЫСТАУ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА» ТУРИСТІК КАРТАСЫ

2020/2021 ОҚУ ЖЫЛЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

Орталық Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында жалпы, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен педагогтары арасында қоршаған орта, туған жер, елдің тарихы, жәдігерлер туралы білімдік-танымдық туризм-өлкетану, экология шараларын үйлестіруге, өткізуге және ұйымдастыруға бағытталған төмендегідей жұмыстарды атқарды:

2020-2021 оқу жылы ішінде орталықтың ұйымдастыруымен туризм-өлкетану, экология-биология бағыттарында 1849 оқушы мен 763 мұғалімді қамтыған 47 шара өткізілді.

Мектеп мұғалімдерінің туристік - өлкетану, экология - биология бағытындағы білімдерін кеңейту, тәжірибе алмасу және креативтік ұстаздарды анықтау мақсатында 2020-2021 оқу жылы ішінде «Өлкетану» оқулығын қолданудағы өзекті мәселелері», «Музей педагогикасы – тұлғаның жалпы мәдени құзыреттілігін дамытатын инновациялық технология», «Мектеп музейлерін дамыту мәселелері», «Білім беру ұйымдарындағы «Өлке табиғаты» бұрышын құру жолдары», «Ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда экотуризмді ұйымдастыру жолдары», «Мұнайлы және Бейнеу аудандарының мектептері базасында экологиялық білім беруді ұйымдастыру тәжірибесі», «Жас геолог» тақырыптарында ұйымдастырылған 8 семинар мен әдістемелік кеңестер, курстарға барлығы 564 адам қамтылды.

244 мұғалім төмендегідей облыстық, республикалық шараларға қатысты:

«МЕНІҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН» ТУРИСТІК ЭКСПЕДИЦИЯЛЫҚ ЖАСАҚТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СЛЕТІ

2020 жылдың 15 қыркүйек күні балалар мен жастарда азаматтылық пен Отаншылдық сезімдерін тәрбиелеу, экспедициялық жасақтардың туристік қызметін жандандыру жолымен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтарының облыстық слеті қашықтықтан өткізілді.

Слетке жалпы және қосымша білім беру ұйымдарының 2004-2006 жылғы білім алушылары қатысты.

Байқау ережесіне сәйкес қатысушылар «Бард әндері», «Жас өлкетанушы», «Ең керемет туристік өлке», «Туған өлке соқпақтары», «Экологиялық соқпақ», «Туған өлкенің тарихы», «Туризм білімпаздары», «Жорықта зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету» номинациялары бойынша 49 жұмыс қаралды.

Қазылар алқасы қатысушылардың еңбектерін бағалап, төмендегідей марапаттарға **ҰСЫНДЫ:**

1. «Бард әндері» номинациясы бойынша:

I орын – Ақтау қаласы, №3 жалпы білім беру мектебінің 10 сынып оқушысы Қуанғали Еркебұлан;

II орын – Бейнеу ауданы, М.Бегенов атындағы жалпы білім беру мектебінің 11 сынып оқушысы Сабидуллаев Жұлдызбай және Мұнайлы ауданы, №11 жалпы білім беру мектебінің 11 сынып оқушысы Айдарбекұлы Саят;

III орын – Жаңаөзен қаласы, №7 жалпы білім беру мектебінің 10 сынып оқушысы Қобланов Айбек және Мұнайлы ауданы, №4 жалпы білім беру мектебінің 11 сынып оқушысы Танжар Нұрдос.

2. «Жас өлкетанушы» номинациясы бойынша:

I орын – Мұнайлы ауданы, №4 жалпы білім беру мектебінің 10 сынып оқушысы Муханбетова Жеңіс;

I орын – Бейнеу ауданы, Күйкен жалпы білім беру мектебінің 11 сынып оқушысы Жадигерова Айдана;

III орын – Жаңаөзен қаласы, №7 жалпы білім беру мектебінің 8 сынып оқушысы Шайхы Назгүл және Мұнайлы ауданы, №11 жалпы білім беру мектебінің 11 сынып оқушысы Докторбай Ерлан.

3. «Туған өлке соқпақтары» номинациясы бойынша:

I орын – Маңғыстау ауданы, Өтес жалпы білім беру мектебінің 9 сынып оқушысы Аманғалиева Залина;



II орын – Қарақия ауданы, №11 жалпы білім беру мектебінің 9 сынып оқушысы Салма Рахматолла;

III орын – Бейнеу ауданы, Ы.Алтынсарин жалпы білім беру мектебінің 11 сынып оқушысы Қойшыбаев Нұрқаят және Мұнайлы ауданы, №4 жалпы білім беру мектебінің 9 сынып оқушысы Пирнепесова Оксана.

4. «Ең керемет туристік өлке» номинациясы бойынша:

I орын – Бейнеу ауданы, Боранқұл жалпы білім беру мектебінің 11 сынып оқушысы Орынбасар Ақжібек;

II орын – Қарақия ауданы, №11 жалпы білім беру мектебінің 10 сынып оқушысы Кабултаева Аида;

III орын – Мұнайлы ауданы, №4 жалпы білім беру мектебінің 11 сынып оқушысы Салихов Қуаныш.

5.«Туған өлке тарихы» номинациясы бойынша:

I орын – Бейнеу ауданы, Бейнеу лицейінің 10 сынып оқушысы Мұратұлы Данияр;

II орын - Мұнайлы ауданы, №4 жалпы білім беру мектебінің 11 сынып оқушысы Салихов Қуаныш;

III орын – Ақтау қаласы, №11 лицейінің 9 сынып оқушысы Сарыев Мағжан.

6. «Экологиялық соқпақ» номинациясы бойынша:

III орын – Ақтау қаласы, №11 лицейінің 9 сынып оқушылары Тұрсынов Ерсін және Мирболатова Сабина.

7. «Жорықта зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету» номинациясы бойынша:

II орын – Ақтау қаласы, №3 жалпы білім беру мектебінің 10 сынып оқушысы Нұрлыбаева Нұрай және Мұнайлы ауданы, №11 жалпы білім беру мектебінің 10 сынып оқушылары Құрбан Айна, Базарова Рысты, Әбдіқасым Құралай;

III орын – Жаңаөзен қаласы, №7 жалпы білім беру мектебінің 10 сынып оқушысы Алтынбек Динара және Мұнайлы ауданы, №4 жалпы білім беру мектебінің 11 сынып оқушысы Колибаев Ақберді.

8. «Туризм білімпаздары» номинациясы бойынша:

I орын – Ақтау қаласы, №3 жалпы білім беру мектебінің 10 сынып оқушысы Сейтбаев Даулет;

II орын – Маңғыстау ауданы, Е.Айшуақұлы атындағы жалпы білім беру мектебінің 9 сынып оқушысы Жолды Әділет;

III орын – Мұнайлы ауданы, №4 жалпы білім беру мектебінің 11 сынып оқушысы Қыдырбай Нұрқадам және №11 жалпы білім беру мектебінің 10 сынып оқушысы Қуанова Диана.

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ АРАСЫНДА ОБЛЫСТЫҚ ТУРИСТІК СЛЕТІ

2020 жылдың 21 қыркүйек күні жастардың туристік-спорттық дайындығын дамыту және туристік көп сайысты насихаттау мақсатында облыстық техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында туристік слет қашықтықтан өткізілді.

Слетке 5 топ қатысты. Ережеге сәйкес, қатысушар «Бард әндері», «Экологиялық соқпақ», «Туған өлкенің тарихы», «Команданың визит карточкасы», «Біріктірілген туризм» номинациялары бойынша бейнероликтерін жолдап, барлығы 20 жұмыс қаралды.

Қазылар алқасы төмендегідей марапаттарға **ҰСЫНДЫ:**

II орын – Қарақия ауданы, Қарақия кәсіптік колледжінің «Қарақия колледжі», Түпқараған ауданы, Түпқараған гуманитарлық-техникалық колледжінің «Аққетік» және Бейнеу ауданы, Бейнеу гуманитарлық-экономикалық колледжінің «Креатив» топтары;

III орын – Маңғыстау ауданы, Маңғыстау техникалық колледжінің «Шерқала» тобы;

IV орын – Ақтау қаласы, Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжінің «МПТК» тобы.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ «ЕУРОПА-АЗИЯ» ТУРИСТІК ФЕСТИВАЛІ

Халықаралық туризм күніне орай, 2020 жылдың 28 қыркүйек күні педагогтардың туристік және кәсіптік шеберліктерін шыңдау, туристік-өлкетану бағыты бойынша озық тәжірибе тарату, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында жалпы білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтары арасында облыстық «Еуропа-Азия» туристік фестивалі қашықтықтан өткізілді.

Фестивальға жалпы, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтарынан құралған 7 топ қатысты.

Ережеге сәйкес, «Бард әндері», «Балалар туризмі туралы үзік сыр», «Туристік-өлкетанулық фотосуреттер», «Туризм туралы бейнефильм», «Біріктірілген туризм» номинациялары бойынша 31 жұмыс қаралды.

Қазылар алқасы қатысушыларды төмендегідей марапаттарға **ҰСЫНДЫ:**

II орын – Маңғыстау ауданы, Шетпе гимназиясы мен Жармыш жалпы білім беру мектебінің «Биіктік» және Мұнайлы ауданы, №12 және №15 жалпы білім беру мектептерінің «Эверест» топтары;

III орын – Бейнеу ауданы, Ы.Алтынсарин мен Опорный жалпы білім беру мектептерінің «Қыран», Ақтау қаласы, №27 жалпы білім беру мектебі мен №13 мектеп-гимназиясының «Ғаламат» және Қарақия ауданы, №1,3,7,11 жалпы білім беру мектептерінің «Өлкетанушылар» топтары.

ПЕДАГОГ ОТБАСЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ «ТУРИЗМ – САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ» ОБЛЫСТЫҚ ҚАШЫҚТЫҚ ЖАРЫСЫ

2020 жылдың 6 қазан күні балалар мен ата-аналарды қоршаған ортамен жақындастыру, туристік техника негіздерін үйрету, отбасылық өзара тәжірибе алмасу, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында педагог отбасылар арасында облыстық «Туризм – салауатты өмір салты» жарысы қашықтықтан өткізілді.

Жарысқа жалпы білім беру ұйымдарының білім алушылары мен педагог ата-аналарынан құралған 5 топ қатысты.

Жарыс ережесіне сәйкес қатысушылардың «Таныстыру», «Туристік маршрут», «Бард әндері», «Менің отбасым болған жерлер» номинациялары бойынша 18 бейнероликтері қаралды.

Қазылар алқасы төмендегідей марапаттарға **ҰСЫНДЫ:**

I орын – Ақтау қаласы, №13 мектеп - гимназиясының «Атамекен» тобы, Бижановтар әулеті;

II орын – Бейнеу ауданы, Бейнеу мектеп - интернатының «Салауат» тобы, Оразалиевтер әулеті;

III орын – Маңғыстау ауданы, Б.Жұмалиев атындағы жалпы білім беру мектебінің «Темірқазық» тобы, Елдесовтар әулеті және С.Жаңғабылов атындағы жалпы білім беру мектебінің «Нарбиік» тобы, Қуандықовтар әулеті;

IV орын – Жаңаөзен қаласы, №9 жалпы білім беру мектебінің «Тұлпар» тобы, Утепбергеновтер әулеті.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ «ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ» ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫ

2020 жылдың 30 қазан күні геологиялық өлкетануды дамыту мақсатында география пәні мұғалімдерінің арасында «Далалық зерттеу жұмыстары» облыстық байқауы қашықтықтан өткізілді.

Байқауға жалпы білім беру ұйымдарынан 5 топ, яғни 15 мұғалім қатысты.

Ережеге сәйкес «Геологиялық маршрут», «Геологиялық кесік», «Палеонтология», «Минералогия және петрография», «Радиометрия», «Гидрология», «Геологиялық ескерткіштерге сипаттама беру» номинациялары бойынша 35 бейнематериалдар қаралды.

Қатысушы командалар Маңғыстаудың көрікті жерлеріне барып, іздеу-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, геологиялық ескерткіштерге ерекше сипаттама беріп өткен. Геологиялық өлкетану бағыты бойынша оқушыларға білім беруде байқауға қатысушы педагогтар өздерінің кәсіби маман ретінде шеберліктерін ортаға салды.

Қазылар алқасы төмендегідей марапаттарға **ҰСЫНДЫ:**

I орын жеңімпазы – Жаңаөзен қаласы, №21 жалпы білім беру мектебінің «Азимут» құрамасы;

II орын жеңімпазы – Мұнайлы ауданы, №15 жалпы білім беру мектебінің «Кайназой» құрамасы;

II орын жеңімпазы – Ақтау қаласы, Ф.Оңғарсынова атындағы №29 жалпы білім беру мектебінің «Сапфир» құрамасы;

III орын жеңімпазы – Түпқараған ауданы, Ақшұқыр мектеп – лицейінің «Сарытаған» құрамасы;

IV орын жеңімпазы – Бейнеу ауданы, Сам жалпы білім беру мектебінің «Болашақ» құрамасы.

ЖЕРЛЕС ҒАЛЫМ, ЗЕРТТЕУШІ С.ҚОНДЫБАЙДЫҢ ІЗІМЕН «ЖАС САЯХАТШЫ» ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫ

Жасөспірімдерді қазақстандық патриотизмге, адамгершілікке тәрбиелей отырып, туризмге еңбегі сіңген қайраткерлерді үлгі тұту арқылы Отанды сүю, туристік - өлкетану қызметін белсендіру және насихаттау мақсатында, 2020 жылдың 13 қараша күні жерлес ғалым-зерттеуші С.Қондыбайдың ізімен «Жас саяхатшы» облыстық байқауы қашықтықтан өткізілді.

Байқауға жалпы білім беру ұйымдарының 15-16 жас аралығындағы 30 оқушыны қамтыған 6 топ қатысты.

Ережеге сәйкес, қатысушылар «Қалдырған ізің мәңгілік» іздеу-зерттеу жұмыстары номинациясында С.Қондыбайдың «Маңғыстаунама» кітабы бойынша Маңғыстау жерлеріне экспедиция жұмыстарын ұйымдастырса, «Ескерткіштер сөйлейді» номинациясында өлке аумағында табиғи ескерткіштерге сипаттама бере отырып, олардың орналасу карталарын ұсынды. Барлығы 12 жұмыс қаралды.

Қазылар алқасы қатысушылардың еңбектерін бағалап, төмендегідей марапаттарға **ҰСЫНДЫ:**

I орын - Түпқараған ауданы, Ақшұқыр мектеп-лицейінің «Айрақты» тобы;

II орын - Мұнайлы ауданы, №4 жалпы білім беру мектебінің «Сиях-кух» тобы;

III орын - Ақтау қаласы, IT мектеп-лицейінің «IT Safari» және Жаңаөзен қаласы, мектеп-гимназиясының «Жас туристтер» топтары;

IV орын – Мұнайлы ауданы, №6 жалпы білім беру мектебінің «Жас саяхатшы» тобы.

«МУЗЕЙ ПЕДАГОГИКАСЫ - ТҰЛҒАНЫҢ ЖАЛПЫ МӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ СЕМИНАРЫ

2020 жылдың 11 желтоқсан күні жалпы білім беру ұйымдарының музей жетекшілеріне, аудандық/қалалық білім үйлестіру орталықтарының әдіскерлеріне, тарих және география пәнінің педагогтарына әдістемелік көмек көрсету, олардың кәсіби шеберлігін арттыру, тарих арқылы тарихи-мәдени ескерткіштерін насихаттау, сол арқылы патриоттық рухта тәрбиелеу, музей жетекшілері арасында іс-тәжірибе алмасу мақсатында, «ZOOM» платформасы арқылы «Музей педагогикасы – тұлғаның жалпы мәдени құзыреттілігін дамытатын инновациялық технология» тақырыбында облыстық семинары өткізілді. Семинарға аудан/қалалардан 60 мұғалім қатысты.

Орталық директорының міндетін атқарушы Темірланова Аяжан Темірланқызы алғы сөзбен семинарды ашып, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Маңғыстау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты Айджанова Замира Жанадиловна «Музей педагогикасы – тұлғаның жалпы мәдени құзыреттілігін дамытатын инновациялық технология», Ә.Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейінің экскурсия-көпшілік жұмыстары бөлімінің қоғаммен байланыс менеджері Наушабаева Алия Асқарқызы «Музей-өңірдегі білім беру, тарихи және мәдени туризмді дамытудың маңызды ресурсы», Мұнайлы ауданы, №3 жалпы білім беру мектебінің «Қазақтың Рәміздер географиясы» музейінің жетекшісі Байназаров Қуат Кенгесович «Өлкетану» оқулығының музей жұмысында атқаратын рөлі мен тиімділігі» тақырыптарында баяндамалар оқып, қатысушылармен іс-тәжірибелерін бөлісті.



«ӨЛКЕТАНУ» ОҚУЛЫҒЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ СЕМИНАР – КЕҢЕСІ

2021 жылдың 24 ақпан күні «Өлкетану» оқулығын қолданудағы өзекті мәселелері» тақырыбында семинар-кеңес өткізілді. Семинардың негізгі мақсаты - жалпы білім беру ұйымдарына туған өлкенің тарихын зерттеу, оқушының өлкетану жұмысын жүргізудегі тарихи біліктіліктері мен дағдыларын жетілдіру, сол арқылы тарихнамасы мен деректерін танып білу, төтенше жағдай кезінде өлкетану сабағын қашықтықтан оқытудың әдіс-тәсілдерін үйрету. Семинар-кеңес 150 педагогты қамтыды.

Семинарда Ақтау қаласы, Ф.Оңғарсынова атындағы №29 жалпы білім беру мектебінің география пәні мұғалімі Дүмбаев Мәулен – «Өлкетану» курсына авторлық бағдарлама дайындап, өлкеге танымал тұлғалармен бірлесе отырып, сабақта қолданылатын бірнеше туристік маршруттар жасауды, тарихи-мәдени орындарға саяхат ұйымдастырумен қатар, осы тақырыпта семинар – кеңестерді жиі өткізуді ұсынды.

Түпқараған ауданы, Ғ.Айдаров атындағы №1 мектеп-лицейінің география пәнінің мұғалімі Абдуллаева Ақтоты – әр аудан/қала мұғалімдері өздерінің тұрғылықты жерін таныту мақсатында жекелеген жинақтар шығаруды және өзінің «Маңғыстау ауданының географиясы» кітабының авторы ретінде облыс мұғалімдерінің бұл кітаппен әлі күнге таныс емес екендігін атап өтті.

Семинарды қорытындылай келе, қатысушылар жақсы пікірін білдіріп, осындай берері мол семинарлардың жиі өткізіліп отырылуын сұрап, төмендегідей ұсыныстар қалдырды:

- «Өлкетану» курсы бойынша саяхат сабақтардың әр аудан/қала бойынша жеке маршруттар жобасын жасақтау;
- Сабақтан тыс уақыттарда тарихи тұлғалардың атаулы күндерін үнемі уақытылы атап өту;
- «Өлкетану» курсын жүргізетін мұғалімдердің үздік авторлық бағдарламаларын жинақтау, іс-тәжірибелерін тарату, т.б.

«МЕНІҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН» ТУРИСТІК ЭКСПЕДИЦИЯЛЫҚ ЖАСАҚТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СЛЕТІ

Балалар мен жастарда азаматтылық пен отаншылдық сезімдерін тәрбиелеу, экспедициялық жасақтардың туристік қызметін жандандыру жолымен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында, 2021 жылдың 21 - 22 сәуір күндер аралығында «Менің Отаным-Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтарының облыстық слеті қашықтықтан өткізілді.

Слетке жалпы білім беретін және қосымша білім беру ұйымдарының 12-17 жас аралығындағы 57 білім алушылары қатысты.

Байқау ережесіне сәйкес, қатысушылар «Жас өлкетанушы», «Ең керемет туристік өлке», «Туған өлке соқпақтары», «Туған өлкенің тарихы» номинациялары бойынша жұмыстарын «ZOOM» платформасында онлайн түрде қорғаса, «Экологиялық соқпақ», «Бард әндері», «Туризм білімпаздары», «Жорықта зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету» номинацияларының бейнероликтері «Youtube» каналына жүктеліп, сілтемелері арқылы қаралды. Барлығы 8 номинация бойынша 46 жұмыс зерделенді.

Қазылар алқасы төмендегідей марапаттарға **ҰСЫНДЫ:**

1. «Бард әндері» номинациясы бойынша:

I орын – Садақбаева Інжу, Маңғыстау ауданы, Шетпе гимназиясының 8 сынып оқушысы;

II орын – Қоныс Ақжайық, Жаңаөзен қаласы, №21 жалпы білім беру мектебінің 11 сынып оқушысы және Ізбасқан Аружан Ақтау қаласы, «IT мектеп – лицейінің» 9 сынып оқушысы;

III орын – Омаров Медет, Бейнеу ауданы, Күйкен жалпы білім беру мектебінің 9 сынып оқушысы.

2. «Жас өлкетанушы» номинациясы бойынша:

I орын – Киікбаева Жанеркем, Маңғыстау ауданы, Өтес жалпы білім беру мектебінің 5 сынып оқушысы;

II орын – Рзамбек Рамазан, Түпқараған ауданы, М.Горький атындағы мектеп-лицейінің 9 сынып оқушысы және Жолдыбай Аяулым, Жаңаөзен қаласы, №4 жалпы білім беру мектебінің 8 сынып оқушысы;

III орын – Меңдіқұлова Ақторғын, Бейнеу ауданы, М.Бегенов атындағы жалпы білім беру мектебінің 8 сынып оқушысы.

3. «Туған өлке соқпақтары» номинациясы бойынша:



I орын – Машан Жасұлан, Түпқараған ауданы, М.Горький атындағы мектеп – лицейінің 9 сынып оқушысы;

II орын – Туркменбаева Асел, Мұнайлы ауданы, №11 жалпы білім беру мектебінің 10 сынып оқушысы және Салауатова Ақдидар, Маңғыстау ауданы, №7 мектеп-лицейінің 9 сынып оқушысы;

III орын – Бегенов Ғани, Бейнеу ауданы, М.Бегенов атындағы жалпы білім беру мектебінің 9 сынып оқушысы және Өркенқызы Ақерке, Ақтау қаласы, №11 лицейдің 10 сынып оқушысы.

4. «Ең керемет туристік өлке» номинациясы бойынша:

I орын – Касымбекова Анна, Ақтау қаласы, Н.Оңдасынов атындағы №5 жалпы білім беру мектебінің 10 сынып оқушысы;

II орын – Боранова Айнұр, Бейнеу ауданы, М.Бегенов атындағы жалпы білім беру мектебінің 8 сынып оқушысы;

III орын – Бисенғали Бекзат, Түпқараған ауданы, М.Горький атындағы мектеп-лицейінің 9 сынып оқушысы және Ибраһимқызы Әсел, Маңғыстау ауданы, Өтес жалпы білім беру мектебінің 9 сынып оқушысы.

5. «Туған өлке тарихы» номинациясы бойынша:

II орын – Жексенбай Элмира, Жаңаөзен қаласы, №10 жалпы білім беру мектебінің 9 сынып оқушысы;

III орын – Копбергенов Ерасыл, Ақтау қаласы, №27 жалпы білім беру мектебінің 8 сынып оқушысы.

6. «Экологиялық соқпақ» номинациясы бойынша:

II орын – Ғаділбекқызы Арайлым және Алиева Асылай, Маңғыстау ауданы, Шетпе гимназиясының 10 сынып оқушылары.

7. «Жорықта зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету» номинациясы бойынша:

II орын – Масалимов Омар және Ербулат Ильяс, Ақтау қаласы, Н.Оңдасынов атындағы №5 жалпы білім беру мектебінің 10 сынып оқушылары;

III орын – Әбіш Жанарыс пен Қалабайұлы Жандос, Түпқараған ауданы, М.Горький атындағы мектеп – лицейінің 9 сынып оқушылары және Құнанбаев Жанарыс пен

Сулейман Мадина, Жаңаөзен қаласы, №21 жалпы білім беру мектебінің 10 сынып оқушылары.

8. «Туризм білімпаздары» номинациясы бойынша:

II орын – Сайлаубай Берекет, Түпқараған ауданы, М.Горький атындағы мектеп-лицейінің 9 сынып оқушысы;

III орын – Искаков Айдос, Ақтау қаласы, №13 мектеп – гимназиясының 11 сынып оқушысы және Егізбайұлы Біржан, Бейнеу ауданы, М.Бегенов атындағы жалпы білім беру мектебінің 10 сынып оқушысы.

МУЗЕЙ ЖЕТЕКШІЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ «МЕКТЕП МУЗЕЙІНДЕГІ САБАҚТАР» ОБЛЫСТЫҚ ҚАШЫҚТЫҚ БАЙҚАУЫ

18 мамыр – Халықаралық музейлер күні қарсаңында оқушылар мен жастардың азаматтық тәрбиесін жетілдіру, мектеп музейінің рөлін арттыру, музей педагогикасы арқылы оқушыларды әлеуметтендіру және бірегейлігін қалыптастыру мақсатында, музей жетекшілері арасында облыстық «Мектеп музейіндегі сабақтар» байқауы «ZOOM» платформасы арқылы қашықтықтан өткізілді.

Байқауға жалпы білім беретін ұйымдардың 12 музей жетекшісі қатысты.

Ережеге сәйкес, қатысушылар «Креативті мектеп музейі» номинациясы бойынша инновациялық технологияларды қолданып, жаңа форматта сабақ көрсетсе, «Туған өлкенің кейіпкері» номинациясында туған өлкенің соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлері, өлкеге танымал тұлғалар туралы мазмұнды және патриоттық өнеге аларлық әңгіме бағытында бейнематериалдар ұсынды. Барлығы 2 номинация бойынша 20 жұмыс қаралып, зерделенді.

Қазылар алқасы төмендегідей марапаттарға **ҰСЫНДЫ:**

I орын – Қалабай Қуаныш, Мұнайлы ауданы, №4 жалпы білім беру мектебі;

II орын – Жаумытбаева Айкенже, Түпқараған ауданы, М.Әбдіхалықов атындағы мектеп – гимназиясы және Бақытқалиева Анжелика, Ақтау қаласы, №11 мектеп - лицейі;



III орын – Бесінбаева Жания, Қарақия ауданы, Қарақұдық жалпы білім беру мектебі және Сақтағанова Гүлнар, Түпқараған ауданы, Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беру мектебі;

IV орын – Исаева Жанар, Маңғыстау ауданы, Өтес жалпы білім беру мектебі және Байгельдиева Қарлығаш, Ақтау қаласы, С.Қондыбай атындағы №22 мектеп-гимназиясының музей жетекшілері.

АЛҒЫ СӨЗ

Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру

Қазіргі таңда экология ғылымы адам өміріндегі ең өзекті және бүкіл адамзат алдына қойып отырған мәселенің бірі. Қазақстан Республикасың «Қоршаған ортаны қорғау» туралы заңының 89-бабы еліміздің болашағын экологиялық жағынан қамтамасыз етуге арналған. Бұл қабылданған заңдарда басқа салалармен қатар педогогика жағынан шешуге тиісті міндеттер белгіленіп, экологиялық тәрбие мен білім берудің жалпыға бірдей және үздіксіз жүргізілу қажеттілігі баса көрсетілген.

Қоғамның дамуы табиғатпен тығыз байланысты. Адам мен табиғат арасындағы өзара тығыз қарым-қатынас тәрбие берудің басты құралы болып қалуы қажет. Экологиялық тәрбие мәселесін отбасынан, бала-бақшадан, мектептен бастап жүйелі түрде жүргізіліп отыру керек деп білемін.

Оқушыларға экологиялық білім беруде сабаққа қойылатын тәрбиелік талаптардың орындары ерекше. Болашақ жас ұрпақ білімді, экологиялық сауатты, табиғат пен жан дүниесі үйлескен, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікпен қалыптасқан азамат болып тәрбиеленуі керек.

Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беруде «Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығы» экология-биология бағытында шараларды ұйымдастыру, насихаттау мақсатында 2020-2021 оқу жылында мұғалімдер мен оқушылар арасында әдістемелік семинар-кеңестер, байқаулар, форумдар, акциялар, әдістемелік күндер, барлығы 25 іс-шара өткізді.

Мұғалімдер мен білім алушыларға жыл сайын дәстүрлі және жаңа форматта экологиялық білім мен тәрбие беру негізінде түрлі шаралар ұйымдастырылып келеді. Солардың бірі «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық, облыстық форумы, «Көгалдандыру, абаттандыру және санитарлық тазалық акциясы», «Мектеп үйірмесі», «Үздік жылыжай», Халықаралық эко-білім күніне арналған мұғалімдер арасында «Үздік экосағат», экологиялық бағыттағы балалар арасындағы «Туған өлкем - қандай көркем» деректі фильмдер байқауы сияқты шаралар жыл сайын өткізіліп келеді.

Құрметті ұстаздар мен оқушылар! Сіздерді орталық ұйымдастыратын әрбір іс-шарасына белсенді қатысуға шақырамын.

Рүстемова Назгүл Рүстемқызы
Экология-биология бөлімінің әдіскері

МҰҒАЛІМДЕР МЕН ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ТАБИҒИ НЫСАНДАР МЕН ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АЙМАҚТАРДЫҢ (ЕҚТА) «ЭКОТУРИСТІК МАРШРУТТАРЫ»

«ӘКЕ КӨРГЕН – ОҚ ЖОНАР» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚАШЫҚТЫҚ ИНТЕРНЕТ БАЙҚАУЫ



2020 жылдың 14 қазан күні Халықаралық әкелер күніне байланысты әкенің баланы қоршаған ортаны қорғауға, табиғат ресурстарын тиімді пайдалануға, экологиялық тәрбие беру мақсатында, «Әке көрген – оқ жонар» атты облыстық интернет байқауы өткізілді.

Байқауға жалпы білім беру ұйымдарынан барлығы 47 оқушы қатысты.

Ережеге сәйкес қатысушылар *#Әкекөргеноқжонар* хэштегімен «Instagram» әлеуметтік желісіне бейнематериалдар ұсынды.

Қазылар алқасы ереже талаптарына сай қатысушылардың еңбектерін бағалап, төмендегідей марапаттарға **ҰСЫНДЫ:**

I орын – Көбегенов Нұрғиса, Бейнеу ауданы, М.Бегенов атындағы жалпы білім беру мектебінің 9 сынып оқушысы;

II орын – Сауырбаев Дарын, Ақтау қаласы, Түрлі пәндерді тереңдетіп оқытатын дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 9 сынып оқушысы;

II орын – Жанбуршы Диас, Маңғыстау ауданы, Шетпе гимназиясының 8 сынып оқушысы;

II орын – Жеңісбек Исабек, Маңғыстау ауданы, Е.Айшуақұлы атындағы жалпы білім беру мектебінің 3 сынып оқушысы;

III орын – Азан Абзал, Жаңаөзен қаласы, №19 жалпы білім беру мектебінің 8 сынып оқушысы;

III орын – Асланов Смадияр, Ақтау қаласы, «IT-лицейінің» 8 сынып оқушысы;

III орын – Алтынбеков Тұрсынбек, Қарақия ауданы, №7 жалпы білім беру мектебінің 9 сынып оқушысы.

ОБЛЫСТЫҚ «БІЗ ТАЗАЛЫҚТЫ ҚОЛДАЙМЫЗ» АКЦИЯСЫ

Жалпы білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында 2020 жылдың 15 қазан күні «Біз тазалықты қолдаймыз» облыстық акциясы қашықтықтан өткізілді.

Байқау 3 номинацияны қамтыды:
